

АННОТАЦИЯ

Динара Елубайқызы Қалиеваның диссертациялық жұмысы:
«Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың қолжетімділігін зерттеу үшін әдістемелік тәсілдерді оңтайландыру», 8D10103 —«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға Отандық ғылыми кеңесшілер: м. ғ. к., профессор Тургамбаева А. К., м. ғ. д., қауымдастырылған профессор Керімбаева З. А.
Шетелдік ғылыми кеңесші: PhD, профессор N. J. Awadalla

Тақырыптың өзектілігі. Халықаралық деңгейде ДЗ қолжетімділігі БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) 3-мақсатының негізгі бағыттарының бірі ретінде бекітілген және халықты сапалы, қауіпсіз және тиімді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуді көздейді (UNE & SC, 2019). Дәрілік терапияны қамтамасыз ету – халықаралық құжаттарда және Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінде бекітілген денсаулыққа құқықты іске асырудың маңызды бөлігі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Гүлденген қоғам» (2022 жылғы 1 қыркүйек) мемлекеттің басты құндылығы – адам, ал халықтың өмір сүру сапасы мен денсаулығын арттыру үшін жағдай жасау – елдің орнықты дамуының стратегиялық мақсаты ретінде айқындалған (Қазақстан халқына Жолдау, 2022). Осы тұрғыда, дәрілік заттардың (ДЗ) қолжетімділігі қоғамдық денсаулықты нығайтудың және денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қолжетімді фармакотерапияны қалыптастыруда ерекше маңызға ие – түпнұсқа препараттарға экономикалық тиімді балама болып табылатын және денсаулық сақтау жүйесіндегі шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін баламалы (воспроизведённые) дәрілік заттар (дженериктер). Қазақстанда дженериктерді тіркеу түпнұсқа препаратқа биоэквиваленттілігі дәлелденген жағдайда ғана жүзеге асырылады (ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-10/2021 бұйрығы). Сонымен қатар, мемлекеттік баға саясаты олар үшін соңғы үш жылдағы түпнұсқаның орташа бағасынан 30% төмен баға белгілеуді көздейді (ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-247/2020 бұйрығы). Бұл шаралар фармакотерапияның қаржылық қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Алайда, дженериктерді кеңінен және тиімді қолдануға кедергі келтіретін елеулі факторлардың бірі – дәрігерлер мен пациенттердің олар туралы жеткіліксіз хабардар болуы (Mostafa S және басқалар, 2021). Бұған дейін Қазақстанда жүргізілген зерттеулер ішінара және шектеулі әдістемемен, соның ішінде валидациядан өтпеген сауалнамалар негізінде жүргізілген, бұл өз кезегінде жағдайды объективті бағалауға және басқарушылық шешімдер қабылдауға кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты, денсаулық сақтау жүйесінің негізгі қатысушылары арасында дженериктер туралы хабардарлық

деңгейін және олардың қолданылуына әсер ететін факторларды зерделеу маңызды ғылыми бағыт болып табылады.

Сонымен қатар, ДЗ қолжетімділігін тек ақпараттық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ физикалық және экономикалық тұрғыдан да қарастыру қажет, әсіресе қымбат тұратын дәрілік заттар контекстінде (Kettler Н және басқалар, 2021). 2023 жылғы деректерге сәйкес, Қазақстандағы амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған шығындардың 30%-дан астамы орфандық (сирек кездесетін) ауруларды емдеуге бағытталған, бұл қант диабеті (20%) және онкологиялық аурулар (15%) сияқты әлеуметтік маңызы бар нозологияларды емдеуге арналған шығындардан айтарлықтай асып түседі (СК-Фармация" АҚ есебі, 2023 ж.; ҚР ДСМ есебі, 2024).

Қазақстан Республикасындағы дәрілік заттардың қолжетімділігіне арналған ғылыми зерттеулердің саны шектеулі, ал мемлекеттік және жеке сектор арасындағы бұрыннан белгілі айырмашылықтар (WHO/NAI есебі, 2005) қолжетімділікті бағалау мен мониторинг жүргізудің жүйелі тәсілін енгізу қажеттігін көрсетеді.

Осылайша, денсаулық сақтау жүйесінің трансформациясы мен фармацевтикалық нарықтағы өзгерістер жағдайында Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың қолжетімділігін зерттеу өзекті болып табылады. Зерттеуде дженериктер туралы хабардарлық деңгейін бағалауға, сондай-ақ орфандық нозологияларды емдеуге арналған препараттар мысалында дәрілік заттардың физикалық және экономикалық қолжетімділігіне ерекше назар аударылды. Алынған нәтижелер қолжетімділікке кедергі келтіретін негізгі факторларды анықтауға және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін ұлттық басымдықтар мен жаһандық ТДМ мақсаттарына сәйкес жетілдіруге бағытталған практикалық ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты - Қазақстан Республикасы халқы үшін дәрілік заттардың қолжетімділігін зерттеуге арналған әдістемелік тәсілдерді теориялық негіздеу және іске асыру, сондай-ақ дәрілік заттарға қолжетімділікті арттыру бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу міндеттері

1. Дәрілік заттардың қолжетімділігі мәселесінің жаһандық және ұлттық деңгейдегі қазіргі жай-күйін зерделеу;
2. Дәрігерлер мен пациенттердің генерикалық дәрілік заттар туралы хабардарлық деңгейін зерделеу және айқындау;
3. Сирек кездесетін (орфандық) ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттарды мысалға ала отырып, олардың физикалық және экономикалық қолжетімділігіне талдау жүргізу;
4. Қазақстан Республикасы халқы үшін дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қойылған міндеттерді шешу үшін дәрілік заттардың қолжетімділігінің мынадай аспектілерін бағалауға арналған әдістемелік тәсілдер

оңтайландырылып, апробациядан өткізілді: генериктер туралы хабардарлық, сондай-ақ орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың ассортименттік және бағалық қолжетімділігі.

Зерттеудің теориялық бөлігі қазіргі заманғы ғылыми әдебиеттерді талдауды, өзекті мәселелерді анықтауды және дәрілік заттардың қолжетімділігіне әсер ететін негізгі факторларды айқындауды қамтиды.

Зерттеудің эмпирикалық бөлігі дәрігерлер мен пациенттердің генериктер туралы хабардарлық деңгейін зерттеу мақсатында жүргізілген сауалнама түріндегі көлденең сипаттағы зерттеуді, орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттар тізімдеріне құрылымдық салыстырмалы талдауды және сатып алу бағаларына бағалық талдауды қамтыды. Сонымен қатар, зерттеу дәрілік заттардың қолжетімділігін белгіленген өлшемшарттар негізінде бағалауға мүмкіндік беретін әдістемелік құралдар жүйесіне негізделді.

1. Ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізіліп, жетекші халықаралық ғылыми библиографиялық және толықмәтінді мәліметтер базаларында жарияланған зерттеулердің деректері талданды: MEDLINE (PubMed), ProQuest, Cochrane Library, ClinicalTrials.gov, Web of Science, EMBASE, Springer және Elsevier.

2. Дәрігерлер арасында генерикалық дәрілік заттар туралы хабардарлық деңгейі зерттелді

Зерттеуге Қазақстанның 6 өңірінен 450 дәрігер қамтылды. Үлгінің минималды көлемі көлденең зерттеу формуласы бойынша есептелді (сенімділік интервалы – 95%, қателік – 5%). Сауалнамалар валидациялау үдерісінен өтті. Мәліметтерді өңдеу, сипаттамалық және индуктивтік статистикалық талдау жүргізу үшін IBM SPSS Statistics 23 бағдарламасы қолданылды. Респонденттердің жасы мен еңбек өтілі категориялық айнымалыларға түрлендірілді. Дәрігерлердің генериктер туралы білімі мен көзқарасына қатысты жауаптар үш санатқа топтастырылды: «келісемін», «бейтарап», «келіспеймін». Демографиялық факторлардың білім деңгейі мен көзқарасқа әсерін бағалау үшін бинарлық логистикалық регрессиялық талдау қолданылды. Тәуелді айнымалылар медианалық мәнге қарай екі санатқа бөлінді: «жеткілікті» (медианадан жоғары) және «жеткіліксіз» (медианадан төмен) деңгей. Факторларды бағалау кезінде р-мәндері, ықтималдық қатынасы (OR) және 95% сенімділік интервалдары (CI) есептелді. Статистикалық мәнділік деңгейі $\alpha = 0,05$ ($p \leq 0,05$) ретінде белгіленді.

3. Пациенттер арасындағы генериктер туралы хабардарлық деңгейі зерттеліп, айқындалды

Көлденең сипаттағы зерттеу аясында бейімделген, бірақ валидациядан өтпеген сауалнама қолданылып, 450 пациент сауалданды. Статистикалық талдау IBM SPSS Statistics 23 бағдарламасы арқылы жүргізілді. Категориялық айнымалылар абсолюттік (n) және салыстырмалы (%) жиіліктер түрінде ұсынылды. Генериктер туралы хабардар және хабарсыз пациенттер топтары, сондай-ақ оларды қолданған және қолданбағандар арасындағы айырмашылықты салыстыру үшін χ^2 -тест екіжақты талдау арқылы қолданылды. $p < 0,05$ мәні статистикалық тұрғыда мәнді деп есептелді.

4. Орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың физикалық қолжетімділігін талдау

Қазақстан Республикасы, АҚШ және Еуропалық Одақтың орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттар тізіміне енгізілген препараттарға құрылымдық салыстырмалы талдау жүргізілді. Салыстыру АТХ жіктемесі, халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА) немесе белсенді заты бойынша ресми реттеуші органдардың тіркелімдері негізінде жүзеге асырылды. Дәрілік заттардың қолжетімділігі абсолюттік және салыстырмалы мәндерде бағаланды, соның ішінде АҚШ-тың Азық-түлік және дәрі-дәрмек басқармасы (FDA) мен Еуропалық дәрі-дәрмек агенттігінің (EMA) тізілімдеріндегі препараттардың Қазақстан Республикасының орфандық аурулар тізімінде ұсынылу үлесі есептелді. Мәліметтер Microsoft Excel 2022 MSO бағдарламасында (нұсқа 2312, жинақ 16.0.17126.20132) өңделді.

5. Орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың экономикалық қолжетімділігін талдау

Орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың сатып алу бағаларына бағалық талдау жүргізіліп, олар референттік деректермен (Pharmaceutical Schedule, Жаңа Зеландия, 2023–2024) салыстырылды. Әрбір дәрілік зат бойынша келесі сипаттамалар анықталды: саудалық атауы, халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА), түрі (түпнұсқалық немесе генерикалық препарат), дәрілік түрі, дозасы және өндіруші. Сипаттамалық (дескриптивті) талдау жүргізіліп, орташа мәндер мен стандартты ауытқулар есептелді. Деректер Microsoft Excel 2022 MSO бағдарламасында (нұсқа 2312, жинақ 16.0.17126.20132) өңделді.

6. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасындағы дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдарды әзірлеуге негіз болды. Ұсынылған шаралар ресурстарды бөлудің стратегияларын оңтайландыруға және халықтың барлық санаттары үшін өмірлік маңызы бар дәрілік заттарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Ғылыми жаңалық

1. Зерттеудің ғылыми жаңалығы дәрілік заттардың қолжетімділігіне қатысты мынадай аспектілерді бағалауға арналған әдістемелік тәсілдерді оңтайландыру мен апробациялауда көрініс табады: генериктер туралы хабардарлық деңгейі, сондай-ақ орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың ассортименттік (физикалық) және бағалық (экономикалық) қолжетімділігі. Ұсынылған әдістемелік тәсілдер әмбебап сипатқа ие және халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету саласында осындай қиындықтарға тап болып отырған басқа елдерде де бейімделіп қолданылуы мүмкін.

2. Дженоериктік дәрілер туралы ақпараттандырылу деңгейі елдің алты өңіріндегі дәрігерлер мен пациенттер арасында анықталды. Ақпараттану деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар анықталды, олардың қатарына жас шамасы, жұмыс өтілі, жұмыс орны және т.б. жатады. Дженоериктерді кеңінен қолдануға кедергі келтіретін негізгі тосқауылдар айқындалды, сондай-ақ кәсіби тәжірибе мен ақпаратқа қолжетімділікке байланысты білім мен қабылдау деңгейіндегі айырмашылықтар белгіленді.

3. Орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттарды мысалға ала отырып, дәрілік заттардың физикалық және экономикалық қолжетімділігі айқындалды. Зерттеу барысында дәрілік заттардың қолжетімділігіне әсер ететін негізгі заңдылықтар анықталып, пациенттер үшін дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған тәсілдер әзірленді. Алынған нәтижелер ел халқы үшін дәрілік заттардың қолжетімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік беретін тиімді стратегияларды енгізуге жол ашады.

4. Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірленді. Бұл ұсынымдар зерттеу нәтижелеріне сүйенеді және дәрілік заттардың физикалық, экономикалық және ақпараттық қолжетімділігін жақсартуға бағытталған шараларды қамтиды. Ұсынылған шешімдерді іске асыру ресурстарды бөлуді оңтайландыруға және медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді, барлық халық топтары үшін дәрілік заттарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

Жұмыстың практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың қолжетімділігін жақсартуға бағытталған зерттеу нәтижелері мен ұсынымдардың қолданбалы болуымен анықталады. Зерттеу нәтижелерін денсаулық сақтау менеджерлері, мемлекеттік органдар және фармацевтикалық компаниялар халықты дәрілік қамтамасыз ету бойынша тиімді стратегияларды әзірлеу және енгізу үшін пайдалана алады. Олар Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың қолжетімділігін жақсартуға бағытталған ұлттық стратегияны әзірлеуге негіз бола алады. Ұсынылған ұсынымдар дәрілік заттарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге, пациенттердің қаржылық жүктемесін азайтуға және медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталған.

Өткізілген зерттеулер мен олардың нәтижелері келесі әдістемелік ұсынымдарда баяндалған: «Барлық пациенттер үшін дәрілік заттарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етудегі дженериктік дәрілік заттардың рөлі», «Қазақстан Республикасында фармаконадзор шеңберінде дәрілік заттың қауіпсіздігі туралы ақпаратты мониторингілеу» (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Медицина және денсаулық сақтау факультетінің Ғылыми кеңесінің №10 хаттамасы, 2024 жылғы 28 маусым).

Жұмыстың теориялық маңыздылығы

Жұмыстың теориялық маңыздылығы Қазақстан Республикасындағы дәрілік заттардың қолжетімділігіне әлеуметтік және экономикалық факторлардың әсерін анықтаумен сипатталады. Бұл зерттеу дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыру тұжырымдамасын дамытуға ықпал етеді және, өз кезегінде, халықты қажетті дәрілік препараттармен қамтамасыз етуге бағытталған тиімді стратегияларды әзірлеуді қолдайды.

Зерттеу нәтижелері дәрілік заттардың қолжетімділігін бағалауға арналған әдістемелік тәсілдерді оңтайландыруға ықпал етуі мүмкін, соның ішінде дәрігерлер мен пациенттердің дженериктер туралы ақпараттандырылуын, сондай-ақ сирек кездесетін ауруларды емдеуге

арналған дәрілік заттардың ассортименттік және бағалық қолжетімділігін бағалау тәсілдерін қамтиды. Алынған деректер болашақ зерттеулер мен олардың практикалық қолданылуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Зерттеу барысында әзірленген және сынақтан өткен әдістемелік тәсілдер болашақта дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған зерттеулерде, сондай-ақ осы саладағы жаңа әдіснамалық негіздерді әзірлеуде пайдаланылуы мүмкін.

Сонымен қатар, алынған нәтижелер мен тұжырымдар білім беру процесінде, соның ішінде дәріс материалдарын және практикалық тапсырмаларды дайындау кезінде қолданылып, фармация және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың біліктілігін арттыруға септігін тигізеді.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

1. Дәрілік заттардың қолжетімділігі — бұл бүкіл әлемде өзекті мәселе болып табылады, әсіресе денсаулық сақтау саласына қаржыландыруы шектеулі елдер үшін. Қазақстанда қолжетімділікке кедергі келтіретін негізгі факторлар — импортқа жоғары тәуелділік, бағаның өсуі, дәріханалық инфрақұрылымның біркелкі таралмауы, орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттарға жұмсалатын шығындардың жоғары үлесі, дженериктерге қатысты саясаттың жеткіліксіздігі және денсаулық сақтауға бөлінетін мемлекеттік қаржының төмен деңгейі.

2. Генериктер туралы дәрігерлер мен пациенттердің хабардарлық деңгейі білім беру ресурстарына қолжетімділікке, реттеуші қолдауға және биоэквиваленттілік жөніндегі ақпараттың сапасына тікелей байланысты. Пациенттердің генериктерді қолдануға дайындығы емдеуші дәрігер тарапынан берілетін ақпаратқа айтарлықтай дәрежеде тәуелді.

3. Орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың физикалық және экономикалық қолжетімділігі бірқатар препараттардың мемлекеттік тіркеуден өтпеуі, бағаны шамадан тыс реттеу және тіркелген дәрілік заттар ассортиментінің жеткіліксіздігі салдарынан шектеулі күйінде қалып отыр.

4. Ғылыми негізделген практикалық ұсынымдарға дәрілік заттардың қолжетімділігіне баса назар аудара отырып, фармацевтикалық нарықты жүйелі түрде мониторингтеу, генериктерге деген сенімді арттыру мақсатында білім беру бастамаларын іске асыру, орфандық дәрілік заттар тізімдерін өзектендіру, баға реттеу тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ дәрілік заттардың қолжетімділігі саласындағы ғылыми зерттеулерді одан әрі ынталандыру жатады.

Диссертацияны апробациялау

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі жүргізілген эксперименттердің бірнеше рет қайталануы, іріктеу көлемінің жеткіліктілігі, алынған деректердің бұрынғы зерттеу нәтижелерімен салыстырылуы, сондай-ақ статистикалық және аналитикалық әдістердің дұрыс қолданылуы арқылы расталды.

Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері келесі ғылыми іс-шараларда баяндалды:

- 5th Global Public Health Conference – GLOBEHEAL 2022 «Future of Global Health in changing world» (Шри-Ланка, 2022 жылғы 24–25 ақпан);

- III Online Conference. «Modern science. Management and standards of scientific research collection of articles and theses» (Прага, 2021 жылғы 22–23 сәуір);

-XV халықаралық ғылыми-практикалық конференция "ЭКОЛОГИЯ. РАДИАЦИЯ. Семей ядролық сынақ полигонының жабылуының 30 жылдығына арналған" Денсаулық " (Семей, 2021 жылғы 28 тамыз).

Диссертацияның жеке үлесі

Диссертант зерттеу тақырыбы бойынша әдеби деректерге талдау жүргізіп, алынған нәтижелерді жинақтап, өндеп және статистикалық талдау жасады. Автор дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге елеулі үлес қосты. Зерттеу нәтижелері ғылыми жарияланымдар мен конференцияларда жасалған баяндамаларда көрініс тапқан, бұл олардың өзектілігі мен маңыздылығын растайды.

Тәжірибеге енгізу

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері практикалық денсаулық сақтауға енгізілді:

1. Алматы қаласының " №13 қалалық емханасы".
2. Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының "Қалалық онкологиялық орталығы" ШЖҚ МКК.
3. "Фармидея Қазақстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС).
4. "Support team" жеке кәсіпкері.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар

Диссертация тақырыбы бойынша 10 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде:

- Web of Science және Scopus базаларында индекстелетін журналдардағы 1 мақала;
- ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдардағы 3 мақала;
- Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 4 тезис;
- 2 әдістемелік ұсынымдар (ҚазҰУ медицина және денсаулық сақтау факультетінің Ғылыми кеңесінің хаттамасы. Әл-Фараби 28.06.2024 жылғы №10);
- Авторлық құқық объектісіне меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы 13.11.2022 жылғы №3369, 17.10.2024 жылғы № 50524, 17.10.2024 жылғы № 50525 куәліктер.

Қорытындылар

Зерттеу негізінде келесі тұжырымдар жасалды:

1. Дәрілік заттардың қолжетімділігі жаһандық проблема күйінде қалып отыр: халықтың 30%-дан астамы өмірлік маңызы бар дәрілік заттарға қол жеткізуде қиындық көреді. Дамушы елдерде денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындардың 20–60%-ы дәрілік заттарға тиесілі болса, олардың 90%-ын халық өз қаражатына сатып алады. Қазақстанда импорттық дәрілік заттардың үлесі 82%-ды құрайды, бұл бағаның өсуімен қатар жүреді. Қолжетімділік деңгейі қалаларда жоғары: дәрілік заттар сатылымының 73%-ын ірі дәріхана

желілері бақылайды, ал дәріханалардың 25%-ы Алматы мен Астана қалаларында шоғырланған. Орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілерге жұмсалған шығын 94 млрд теңгеге жетіп (дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алудың 21%-ы), денсаулық сақтау бюджетіне елеулі жүктеме түсіруде. Бұл — мемлекеттік шығындар ЖІӨ-нің небәрі 3,1%-ын ғана құрайтын жағдайда аса өзекті мәселе. Генериктерді қолдануды ынталандыруға бағытталған жүйелі саясаттың болмауы да терапияға қолжетімділікті кеңейтуде елеулі тосқауыл болып отыр.

2. Қазақстан Республикасы дәрігерлерінің генериктер туралы хабардарлық деңгейі жоғары (57,8%) болғанымен, олардың тиімділігі мен қауіпсіздігіне деген сенімсіздік те айтарлықтай жоғары күйінде қалып отыр: дәрігерлердің 44,9%-ы генериктердің тиімділігіне, ал 32%-ы олардың қауіпсіздігіне күмәнданады. Генериктер туралы білімге ықпал ететін жалғыз статистикалық тұрғыда мәнді фактор — жыныс болып анықталды ($p = 0,014$); бұл ретте әйел дәрігерлердің хабардарлығы жоғарырақ. Пациенттердің хабардарлық деңгейі төмен (41,1%): олардың 43,2%-ы генериктерге сенімсіздік себебінен бас тартады, ал 25%-ы ақпараттың жетіспеушілігін атап өткен. Пациенттер үшін негізгі ақпарат көзі — медициналық қызметкерлер (58,4%).

3. Қазақстандағы орфандық дәрілік заттардың физикалық (ассортименттік) қолжетімділігі шектеулі күйінде қалып отыр: 152 халықаралық патенттелмеген атаудың (ХПА) ішінде 93 (61,1%) ғана тіркелген, ал 59 (38,8%) тіркеуден өтпеген. Сонымен қатар, тіркелген дәрілік заттардың ішінде түпнұсқалық препараттар басым (67,7%), ал генериктер мен биоаналогтардың үлесі — 36,8%. Қазақстанда FDA (АҚШ) тізіміндегі орфандық дәрілік заттардың тек 14,8%-ы және Еуроодақ тізіміндегі тек 11,6%-ы тіркелген, бұл нарықтың шектеулілігін көрсетеді.

Экономикалық қолжетімділікті талдау барысында сатып алу бағаларының орта есеппен референттік бағалардан 28,26%-ға төмен екені анықталды, алайда бұл бағалар жоғары өзгермелілікпен (вариабельділікпен) сипатталады.

4. Зерттеу барысында әзірленген ұсынымдар дәрілік заттардың қолжетімділігіне басымдық бере отырып, фармацевтикалық нарықты жүйелі түрде мониторингілеуді, дженериктік препараттарға деген сенімді арттыруға бағытталған білім беру бастамаларын іске асыруды, орфандық препараттар тізбесін өзектендіруді, сондай-ақ баға белгілеу мен реттеу тетіктерін жетілдіруді көздейді. Осы зерттеу аясында оңтайландырылған және іске асырылған әдістемелік тәсілдер дәрілік заттардың қолжетімділігін зерделеуге және жақсартуға бағытталған болашақ зерттеулер үшін негіз бола алады. Бұл құралдарды ұқсас проблемаларға тап болған басқа елдерде де бейімдеп, қолдануға болады.

ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР

1. Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық нарықты дәрілік заттардың қолжетімділігі тұрғысынан тұрақты және жүйелі түрде

мониторингілеу — проблемаларды уақтылы анықтап, тиімді шешімдер қабылдаудың маңызды құралы болып табылады. Мұндай жүйелі мониторинг бағалардың өзгеруіне, дәрілік заттардың тапшылығына және олардың қолжетімділігіне әсер ететін негізгі факторларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

2. Дәрігерлер мен пациенттер арасында дженериктерге деген сенімді арттыру құралы ретінде білім беру науқандары маңызды рөл атқарады. Медициналық қызметкерлер мен пациенттерге арналған білім беру бастамаларын енгізу, дженериктерге көшу үдерістерін стандарттау, сондай-ақ халықты ақпараттандыру ісіне дәрігерлер мен фармацевтердің белсенді қатысуы дженериктік дәрілік заттарға деген сенімді нығайтуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде Қазақстанда дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыруға септігін тигізеді..

3. Дәрілік қамтамасыз ету жүйесін жетілдірудегі қажетті қадамдардың бірі — Қазақстандағы орфандық препараттар тізбесін халықаралық тәжірибені ескере отырып қайта қарау және оны өмірлік маңызды дәрілік заттармен кеңейту болып табылады. Орфандық препараттардың сатып алу бағалары референттік көрсеткіштермен салыстырғанда төмендегеніне қарамастан, бағалардың жоғары ауытқушылығы сақталуда. Бұл аталған дәрілік заттардың экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында баға саясатын одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді..

4. Ұсынылған әдістемелік тәсілдер әмбебап сипатқа ие және халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету саласында ұқсас қиындықтарға тап болып отырған басқа елдерде де осындай зерттеулер жүргізуге бейімделіп қолданылуы мүмкін. Осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыру — дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыруға, олардың бөлінуін оңтайландыруға және медициналық көмектің сапасын жақсартуға бағытталған тиімді стратегияларды әзірлеу үшін қажет. Дәрілік заттардың қолжетімділігіне әсер ететін факторларды терең талдау дәрілік қамтамасыз ету жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған негізделген шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертациялық жұмыс 174 беттен тұрады, келесі бөлімдерден тұрады: кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, өзіндік зерттеулердің теориялық және практикалық бөліктері (5 бөлім), қорытынды, практикалық ұсыныстар. Қолжазбада 18 кесте, 6 сурет, 7 қосымша бар. Қолданылған дереккөздердің тізіміне 155 атау кіреді, оның 105 - сі ағылшын тілінде